




ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Президент Бельгияның Ұлттық күніне орай Король Филиппке құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы бұл Бельгия халқының бірлігін айшықтайтын айтулы күн екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхатта Қазақстанның Бельгия Корольдігімен достық қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға айрықша мән беретінін айтқан. Сондай-ақ жақында Брюссельге жасаған сапары екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін бергеніне назар аударған.

Президент Король Филипптің барлық игі бастамасына табыс, ал достас Бельгия халқына бақ-береке тіледі.

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУҒА АРНАЛҒАН ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІ ТІРКЕЛДІ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы «Әділет» партиясының Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысу үшін ұсынылған партиялық тізімін тіркеді. Бұл шешім 2026 жылғы 21 шілдеде өткен ОСК отырысында қабылданды.



Тіркелген партиялық тізімге 186 кандидат енгізілді. Оның ішінде 72-сі — әйел, 114-і — ер адам. Кандидаттардың орташа жасы — 45.

Партиялық тізімге құқық, ғылым, кәсіпкерлік, білім беру, денсаулық сақтау, цифрлық технологиялар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, мәдениет және азаматтық қоғам салаларының өкілдері енді. Олар бекітілген сайлауалды бағдарлама негізінде сайлауға қатысады.

«Әділет» партиясы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2026 жылғы 1 маусымда тіркеліп, Құрылтай депутаттарының сайлауына алғаш рет қатыскалы жатыр. Құрылтай депутаттарының сайлауы 2026 жылғы 23 тамызда өтеді. Сайлауалды үгіт-насихат кезеңі басталғаннан кейін партия еліміздің барлық өңірінде сайлаушылармен кездесу өткізеді.

БІЛІКТІ ОФИЦЕР МЕН СЕРЖАНТ – АРМИЯ ТІРЕГІ



Еліміздің азаматтық саладағы жоғары оқу орындарымен қатар әскери білім ордаларына да қабылдау науқаны басталды. Қорғаныс министрлігінің таратқан мәліметтеріне қарағанда, талапкерлер 15-31 шілде аралығында әскери институттар мен колледждерге құжат тапсыруына болады. Биыл жалпы саны 1500-ге жуық орын бөлініпті.

Әдетте елдің қорғаныс қабілеті қару-жарақ пен техникадан, қатардағы сарбаздар санынан бөлек, білікті офицерлер мен сержанттар құрамына да тікелей қатысты болады. Сондықтан заман талабына сай келетін білікті

маман даярлау армия қызметінің ажырамас бөлшегіне айналған. Биыл да бұл үрдіс қалыпты ырғағынан жаңылған жоқ.

→ 2

ШЕКАРА ҚАҚПАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ: ТАПСЫРМА, ҚАРҚЫН, НӘТИЖЕ

Кедендік рәсімдердің ашықтығы мен біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында саланы ауқымды цифрландыру жүргізіліп жатыр. Бүгінде елдің сыртқы шекараларындағы 9 автомобиль өткізу пунктін жаңғырту жұмыстары аяқталды. 2025 жылдан бері 14 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасқан. Қалған 23 өткізу бекеті бойынша дайындық жұмыстары басталды және олар құрылыс жұмыстарымен қамтылған. Сондай-ақ Президенттің тапсырмасына орай автоматтандырылған бақылау тетіктері мен электрондық декларациялау жүйелері енгізілген. 5 пунктте жүк көліктеріне арналған сервистік аймақтар салынып жатыр.

→ 4



ОРМАН ҮШІН АРПАЛЫС: ӨРТ ҚАЛАЙ ӨШІРІЛДІ?

Өртпен күрестің алғашқы кезеңінде 600 адам мен 148 техника жұмыс істесе, жағдайдың күрделенуіне байланысты күштер саны едәуір арттырылды. Соңғы мәлімет бойынша апатпен күреске 769 адам, 191 бірлік жерүсті техникасы және 8 тікұшақ қатысты. Әуе техникасының еңбегі ерекше болды. Тікұшақтар бірнеше жүз мәрте әуеден су төгіп, жалынның таралуына тосқауыл қойды. Авиацияның көмегімен өрт ошақтарына жүздеген тонна су жеткізіліп, орман алқаптарындағы аса қауіпті аумақтарды сөндіруге мүмкіндік туды. Мамандардың айтуынша, дәл осы үйлесімді әрекет өрттің ауқымын кеңейтпей, оны қысқа мерзімде оқшаулауға ықпал етті.



→ 7



ЕЛ МЕРЕЙІН АСЫРҒАН

Байқау репертуарын тандау кезінде «Еліғай» хоры ұлттық шығармаларға басымдық берген. Ұжым қазақ халық әндерін, күй негізінде жазылған хор туындыларын орындау арқылы Қазақстанның төл музыкасын шетелдік тыңдарманға таныстыруды мақсат еткен. Фестиваль сахнасында «Қараторғай» халық әні, Дәулеткерейдің «Қосалқа» күйінің хорға лайықталған нұсқасы, «Бүлдірген» әні және Әсем Есенованың өзі хорға арнап өндеген «Дала сазы» шығармасы орындалды. Сонымен қатар бағдарламаға әлемдік классикалық музыка туындылары да енгізілген.

→ 8

«Еліғай»

БІЛІКТІ ОФИЦЕР мен СЕРЖАНТ – АРМИЯ ТІРЕГІ

Еліміздің азаматтық саладағы жоғары оқу орындарымен қатар әскери білім ордаларына да қабылдау науқаны басталды. Қорғаныс министрлігінің таратқан мәліметтеріне қарағанда, талапкерлер 15-31 шілде аралығында әскери институттар мен колледждерге құжат тапсыруына болады. Биыл жалпы саны 1500-ге жуық орын бөлініпті.

Әдетте елдің қорғаныс қабілеті қару-жарак пен техникадан, қатардағы сарбаздар санынан бөлек, білікті офицерлер мен сержанттар құрамына да тікелей қатысты болады. Сондықтан заман талабына сай келетін білікті маман даярлау армия қызметінің ажырамас бөлшегіне айналған. Биыл да бұл үрдіс қалыпты ырғағынан жаңылған жоқ.

Деректерге сүйенсек, осы жылы әскери институттар — 723, колледждер 760 курсант пен кадет қабылдағалы отыр. Талапкерлер күтіп отырған оқу орындарының арасында Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институты, Ақтөбе қаласындағы Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштері әскери институты, Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты, Астана және Щучинск қалаларындағы әскери колледждер бар. Сонымен қатар Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғаныс академиясы, ИІМ және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты оқу орындары да талапкерлер қабылдайды. Бірақ соңғыларының шарттары сәл бөлектеу. Дегенмен барлық әскери оқу орындары елдің қорғаныс қабілетін жетілдіруге қажет маман даярлайды.

Жалпы, әскери оқу орындарының көптеген артықшылығы бар. Олардың түлектері ешқашан жұмыссыз қалмайды. Айталық, Қорғаныс министрлігіне қарасты институттар мен колледж түлектері оқуды бітірген соң бірден Қарулы Күштер сапында әскери қызметке қабылданады. Оқу барысында қалеттер мен курсанттар толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі. Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы полковник Мұрат Олжабаевтың айтуынша, қазір Қазақстандағы әскери оқу орындары заманауи қарулы қактығыстар жағдайында тиімді әрекет ете алатын жаңа буын офицерлері мен сержанттарын даярлауға бағытталған әскери білім беру жүйесін кешенді түрде жаңғыртып жатыр. Бұл жүйеге 9 әскери оқу орны кіреді. Яғни 3 институт, 5 колледж бен Ұлттық қорғаныс университеті осы жүйені құрап отыр. Әскери оқу орындары арнаулы орта білімнен бастап магистратураға, докторантураға дейінгі барлық сатыдағы мамандар



әзірлейді. Институт түлектері офицер болып шыкса, магистратура мен докторантурада әскери ғылымның үңғыл-шұңғылына үңілудің мүмкіндігі бар. Оқу барысында тәжірибеге бағдарлай отырып білім беру, цифрлық технологияларды енгізу және қазіргі заманғы армия үшін аса қажетті бағыттар ескеріледі.

— Заманауи қарулы қактығыстар әскери кадрларды даярлауда жаңа тәсілдерді талап етеді. Сондықтан оқу үдерісіне ақпараттық қауіпсіздік, криптология, радиоэлектрондық күрес, әскерді автоматтандырылған басқару жүйелері, ұшқышсыз авиациялық жүйелерді қолдану, сондай-ақ жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шынайылық технологиялары бойынша пәндер белсенді енгізіліп жатыр, — деді полковник Мұрат Олжабаев осы тақырыпқа арналған брифингте.

Бір атап өтер жайт, әскери оқу орындарына түсуде цифрлық технологияға көп көңіл бөлінеді. Бытырдан бастап әскери оқу орындарына құжаттарды eGov.kz порталы арқылы тапсыруға мүмкіндігі пайда болды. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің ықпалдастырылуының арқасында құжаттарды рәсімдеу мерзімі 120 күннен 30 күнге дейін қысқарып, іріктеу рәсімдері елдің барлық өңіріндегі талапкерлер үшін ашық әрі қолжетімді болды.

Сонымен қатар жастардың әскери білімге деген қызығушылығы артып келе жатыр. Мұны Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы полковник Мұрат Олжабаев ерекше атап өтті.

Бытырғы қабылдау науқанында әскери колледждерде бір орынға орта есеппен үш үміткер, ал әскери институттарда екі үміткерден таласқан. Ал сұранысқа ие мамандықтардың қатарына авиация, әскери медицина, автоматтандыру, ақпараттық коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік салалары кіріпті.

Қызығы, сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқытатын оқу орындары да белгілі бола бастағанға ұқсайды. Айталық, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институты — заманауи оқу базасы, білікті кадрлары бар білім ордасы. Онда жастарды қызықтыратын мамандықтар аз емес. Ал Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты әскери инженерлер, байланыс мамандарын, сонымен қатар заманауи әскери технология салаларының мамандарын даярлайды.

Ақтөбе қаласындағы Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштері әскери институты болса, болашақ әскери ұшқыштар мен авиация мамандарын даярлайды. Әрі авиация мамандарын оқытатын Орталық Азиядағы бірден-бір әскери жоғары оқу орны.

Одан бөлек, колледждердің де орны ерекше екенін атап өту қажет. Мысалы, Астана және Щучинск қалаларындағы әскери колледждер ұшқышсыз ұшу аппараттарын және интеллектуалды роботтандырылған кешендерді пайдалануға бағытталған

ең заманауи мамандықтарда білім береді. Сөйтіп, армияның заман талабына сай болуын қамтамасыз етеді.

Жалпы, Қорғаныс министрлігі болашақ офицерлерді теориялық тұрғыда жетілдірумен қатар, тәжірибе жинауына да көп көңіл бөледі. Курсанттар әскери бөлімдерде тағылымдамадан өтіп, әскертүрлері арасындағы біріккен оқу-жаттығуларға қатысады, сондай-ақ барлау, байланыс, радиоэлектрондық күрес және әскерді басқарудың заманауи құралдарын меңгереді. Сонымен қатар оқу бағдарламасына қазіргі заманғы қарулы қактығыстардың тәжірибесі мен ұшқышсыз авиациялық жүйелерді қолдану тәсілдері енгізілген.

Мұрат Олжабаевтың айтуынша, бүгінде әскери білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық та кеңейе түсіпті. Қазіргі уақытта 300-ден астам қазақстандық курсант Қытай, Түркия, Корея Республикасы, АҚШ, Ресей Федерациясы, Әзербайжан, Армения және Беларусь елдерінің әскери оқу орындарында білім алып жүр. Бұл жағдай өз кезегінде офицерлердің білім-білігін арттыруға септігін тигізеді.

Қазақ қоғамында әскери мамандарды шетелдерде даярлауға қатысты ерекше көзқарас бар. Әлемнің түрлі аймағында болып жатқан қарулы қактығыстарды бақылап отырған бұқара офицерлерге де іштей жоғары талап қояды. Оны әлеуметтік желілерден-ақ байқауға болады. Бұл құбылыстың мәні түсінікті болса керек. «Жау жоқ деме, жар астында» дейтін мақал қалдырған бабалар өсиетін білетін халық бүгін де сәк болудың маңызын ұққан. Сондықтан әскери мамандар сапасына назар аударады. Ал Қорғаныс министрлігі халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, өзіміздегі оқу орындарын жетілдіріп жатыр. Министрлік өкілі шетелдерде 300-ден астам әскери маман білім алып жатқанын айтқан болса, кейбір ақпарат құралдарында олардың қай елде қакты қаншасы оқып жүргені жарияланғаны бар. Бытыр Түркияның бірнеше әскери оқу орнында 150-дей қазақстандық білім алып жүргені белгілі болған. Соның ішінде 80-нен астам курсант Анкарадағы Түркия құрлық әскерлері институтында оқиды. Бұл институтта бұдан бұрын да қазақ офицерлері білім алған. Айталық, 2006 жылы Иракта бітімгерлік қызмет жасап жүріп қаза тапқан капитан Қайрат Құдабаев — осы оқу орнының түлегі.

Қысқасы, еліміздің әскери білім беру жүйесі білікті, патриот кадрларды көптеп даярлап жатыр. Халықаралық ынтымақтастықты да дамытып келеді. Әскери оқу орындарының биыл да офицер болуды армандаған түлектерге есігін айқара ашуы осы үрдістің заңды жалғасы болса керек.

А.СҰЛТАН

БАЛАЛАРДЫ БАҚЫТҚА ЖЕТКІЗГЕН БАСТАМА



Жазғы демалыс – бала үшін жай ғана каникул емес. Бұл – жаңа достар тауып, табиғатпен етене танысып, шығармашылық қабілетін дамытып, өмірлік жарқын естеліктер жинайтын ерекше кезең. Сондықтан балалардың қауіпсіз әрі сапалы тынығуын қамтамасыз ету бүгінде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Биыл бұл салада енгізілген жаңа талаптар жауапкершілік деңгейін бұрынғыдан да арттырды.

Қазақстанда 2026 жылғы 1 сәуірден бастап балаларға арналған білім беру және сауықтыру қызметтерін лицензиялау жүйесі күшіне енді. Бұл жаңашылдық балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудағы сапа мен қауіпсіздік талаптарын жаңа деңгейге көтерді. Енді әрбір сауықтыру орталығы балалардың денсаулығы мен өміріне толық жауап бере алатын талаптарға сай болуға тиіс. Медициналық қызметтің сапасы, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, қауіпсіз ауысу, дұрыс тамақтану, өрт қауіпсіздігі және бейнебақылау жүйесі — бәрі міндетті талапқа айналды.

Абай облысында бұл бағыттағы дайындық жұмыстары жаз маусымы басталғанға дейін жүргізілді. Өңірдегі барлық сауықтыру орталығы балаларды қабылдауға толық әзірленді.

— Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау — басты міндетіміз. Барлық лагерьде тәулік бойы медициналық бақылау ұйымдастырылып, өрт қауіпсіздігі, санитарлық талаптар, бейнебақылау және судағы қауіпсіздік мәселелері ерекше бақылауға алынды. Әрбір ата-ана баласын лагерьге

сеніммен жібере алатындай жағдай жасауға күш салып отырмыз, — дейді облыстық білім басқармасының басшысы Айжан Құрманова.

Бұл жүйенің тиімділігі жуырда болған төтенше жағдай кезінде де көрінді. Шілденің 16-сы күні «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының Бородулиха филиалына қарасты Камышшенка орманшылығында орман өрті шыққанда, DosBolLike балалар лагерьінде демалып жатқан балалар мен қызметкерлер жедел әрі қауіпсіз жерге көшірілді. Семей қаласына барлығы 220 адам эвакуацияланды. Оның ішінде 190 бала мен лагерьдің 30 қызметкері болды. Бұл оқиға балалар қауіпсіздігіне қатысты әзірленген алгоритмдердің нақты жағдайда тиімді жұмыс істейтінін көрсетті.

Биыл Абай облысында 10 балалар сауықтыру лагерьі жұмыс істейді. Оның сегізі — мемлекеттік, екеуі — жекеменшік. Сонымен қатар 329 демалыс және бос уақытты ұйымдастыру орталығы балаларды қабылдайды.

Жалпы білім беретін 220 мектепте, қосымша білім беру ұйымдарында, кол-

ледждердің кәсіптік бағдар беру орталықтарында, түрлі үйірме мен спорт секцияларында 77 мыңнан астам оқушыны қамтитын жазғы бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл өңірдегі балалардың 81,5 пайызын қамтуға мүмкіндік береді.

Жазғы маусымдағы маңызды бағыттардың бірі — әлеуметтік қолдау. Жалпыға бірдей білім беру қоры арқылы әлеуметтік осал санаттағы 4967 бала лагерьлерде тегін демалады. Осы мақсатқа облыстық бюджеттен 372,6 миллион теңге бөлінді. Сонымен қатар балалардың жазғы тынығуы ата-аналардың төлемі, кәсіподақ ұйымдары мен демеушілердің қолдауымен де ұйымдастырылуда. Ал «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен әр ауданнан 11 оқушы республикалық сауықтыру орталықтарына тегін жолдама алады. Бұл — ауыл балалары үшін еліміздің өзге өңірлерімен танысып, жаңа достар тауып, таным көкжиегін кеңейтуге берілген мүмкіндік.

Ұржар ауданындағы «Тарбағатай» оқу-сауықтыру орталығы — балалардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастырудың жарқын үлгісі.

Лагерь 1 маусымнан бастап жеті ауысым бойынша жұмыс істеп келеді. Жаз бойы мұнда 560 бала демалады. Әр ауысымда 80 баладан қабылданып, күніне алты мезгіл сапалы тамақ беріледі. Орталықта Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Tarbagatai ART ALEM бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, ұлт-

тық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Лагерьде жайлы жатын орындармен қатар футбол, волейбол және баскетбол алаңдары, сахна, арт-терапия және құм терапиясы кабинеттері жұмыс істейді. Қауіпсіздік мәселесі де жіті назарда. Тәулік бойы күзет ұйымдастырылып, медицина қызметкері мен тәлімгерлер кезекшілік атқарады. Балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру үшін арнайы кітап бұрышы ашылған. Демалушылардың қызығушылығына қарай спорттық, шығармашылық, экологиялық және ақпараттық бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді. Табиғат аясындағы экскурсиялар, ашық аспан астындағы кино көрсетілімдері, интеллектуалдық ойындар, ұлттық ойындар мен мәдени шаралар балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Орталықта алты педагог пен бір медицина қызметкері еңбек етеді. Олардың басты мақсаты — әр баланың өзін қауіпсіз сезініп, жазғы демалысын пайдалы әрі қызықты өткізуіне жағдай жасау.

Мақаншы ауданындағы Қабанбай ауылында орналасқан «Дарабоз» балалар сауықтыру лагерьі де биыл жүздеген баланы қабылдап жатыр.

Алакөл жағасындағы лагерьдің басты ерекшелігі — табиғат аясындағы демалысты тәрбиелік және танымдық бағдарламалармен ұштастыруында.

Балалардың күн тәртібі алдын ала әзірленген әдістемелік жоспар бойынша ұйымдастырылған. Олар күніне алты мезгіл тамақтанып, екі рет Алакөлге шомылады. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды насихаттайтын тәрбиелік іс-шаралар, спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар мен танымдық бағдарламалар тұрақты өткізіледі.

— Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Лагерьде төрт тәрбиеші, бір әдіскер және үш денешынықтыру маманы жұмыс істейді. Мұнда 8 бен 14 жас аралығындағы балалар демалады. Біздің мақсатымыз — олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген белсенді әрі шығармашыл тұлға болып қалыптасуына ықпал ету, — дейді Мақаншы аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлзипа Ноғаева. «Дарабоз» лагерьі 15 маусым мен 23 тамыз аралығында алты ауысым бойынша жұмыс істейді. Әр ауысымда 120 баладан қабылданып, жаз бойы мұнда 720 бала демалады.

Қазір балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бұрынғыдай тек бос уақытты өткізумен шектелмейді. Бұл — қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, тәрбие жұмысын күшейту, шығармашылық әлеуетті дамыту және балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған кешенді жұмыс.

Абай облысында қолға алынған бастамалар осы міндеттердің жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Лицензиялау талаптарының енгізілуі, әлеуметтік қолдау көлемінің артуы, лагерьлердің материалдық-техникалық базасының нығаюы және мазмұнды бағдарламалардың іске асырылуы — соның айқын дәлелі.

Баланың күлкісі — қоғамның ең үлкен байлығы. Ал сол күлкінің алаңсыз болуына жағдай жасау — мемлекетке де, ұстазға да, ата-анаға да ортақ міндет. Жазғы демалыстың әр күні бала жалында ұмытылмас естелік болып қалса, еңбектің ақталғаны. Өйткені табиғат аясында демалып, жаңа достар тауып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен бүгінгі жас ертен елдің ертінен жауапкершілікпен қарайтын саналы азаматқа айналады.

Қамар ЕРКЕКЫЗЫ





ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕГЕ
КӨШУГЕ
МҮМКІНДІК БАР

Тамызда Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерді интеграциялау бойынша барлық техникалық жұмысы аяқталады. Бұл мемлекеттік сатып алу кезінде цифрлық теңгені пайдалануға толық көшуге мүмкіндік береді.



Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Үкіметтегі кеңесте цифрлық теңгені енгізудің пилоттық жобасын жүзеге асырудың алдын ала қорытындысы мен оны сынақтан өткізу барысында туындайтын мәселелер қаралды.

Қаржы министрлігі хабарлағандай, бүгінгі таңда цифрлық теңге платформасының мәртебесі және оның жұмыс істеу тәртібі заңнамалық тұрғыдан бекітілген. Айналысқа 340 млрд цифрлық теңге шығарылған. Оларды пайдалана отырып, 20 пилоттық жоба жүзеге асырылса, тағы 10-ы жүзеге асырылуда. 50-і іске қосуға дайындалуда.

Пилоттық жобалар инфрақұрылымдық құрылысты, бюджеттік кредиттеу мен субсидиялауды, гранттық қаржыландыруды, мемлекеттік қолдау шараларын, мемлекеттік сатып алу, салықтық әкімшілендіруді, сондай-ақ Ұлттық банк пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуларын қамтиды. Цифрлық теңгені міндетті түрде қолдану құны

100 млн теңгеден асатын жобаларға арналған бюджеттік шығыстардың сегіз ерекшелігі бойынша қарастырылады.

Тамызда тауарларды, дәрілік заттарды, жанар-жағармай материалдары мен басқа да материалдық қорларды мемлекеттік сатып алу кезінде цифрлық теңгені пайдалану жоспарлануда.

Кенеске қатысушылар жобаны одан әрі кеңейтуді тежейтін мәселелерге ерекше назар аударды. Бас мердігерден бастап түпкілікті орындаушыға дейін бюджет қаражатын пайдаланудың қадағалануын қамтамасыз ету негізгі мәселенің бірі болып қала береді. Іс жүзінде қосалқы мердігерлік ұйымдар көбінесе цифрлық теңгені пайдалану үшін смарт-келісімшарттар жасасуға дайын емес. Өйткені қолданыстағы заңнамада тиісті талаптар жоқ.

Бұл кедергіні жою үшін Қаржы министрлігі қажетті құқықтық тетікті құруды көздейтін тиісті құқықтық актілерге түзетулер пакетін дайындады.

ИНВЕСТИТОРЛАРҒА
ИГІЛІК МОЛ

Жамбыл облысы – өндірісімен танылған өлке. Кеңестік кезеңде аймақ фосфор шикізатымен тұтас Одаққа танылса, бүгінде Әулиеата өңіріне инвестиция толассыз құйылуда. Бұл өз кезегінде экономиканы өрістетіп, әлеуметтің әлеуетін арттыруда.



Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров қатысқан инвестициялық штабтың кезекті отырысында облыс әкімі Ербол Қарашөкеев аймақтың инвестициялық әлеуетін кенінен баян етті.

Ербол Шырақпайұлы Мемлекет басшысының инвестиция тарту, экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту және өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында облыста жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын баса айтты. Облыс әкімінің сөзіне сүйенсек, инвестициялық ахуалды жақсарту, инвесторларға қолайлы жағдай жасау, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және жобаларды сүйемелдеу бағытында нақты шаралар қабылданды.

Бүгінде Жамбыл облысы инвестиция тарту қарқыны бойынша еліміздегі көшбасшы өңірлердің біріне айналды. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында аймаққа 505,9 млрд теңге инвестиция тартылып, бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 59,2 пайызға артқан.

Қазір облыстың инвестициялық қоржынында жалпы құны 5,6 трлн теңгені құрайтын, шамамен 20 мың жаңа жұмыс орны ашуды көздейтін 116 жоба бар.

2025 жылдың қорытындысы бойынша тікелей шетелдік инвестициялар өсімінің қарқыны жөнінен республикада бірінші орынға шықса, жоспарланған 86 млн доллардың орнына 289,7 млн доллар көлемінде инвестиция тартылып, жоспар 3,4 есеге артық орындалған.

Сонымен қатар былтыр өңір тарихында алғаш рет өнеркәсіп өнімінің көлемі 1 трлн теңгеден асып, облыс республиканың серпінді индустриялық өңірлерінің біріне айналды. Ал биылғы қантармамыр айларының қорытындысы бойынша еліміздің өңдеу өнеркәсібіне салынған әрбір төртінші теңге облыстың үлесіне тиесілі болды.

Өз кезегінде Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыровта Жамбыл облысының инвестициялық әлеуеті жоғары екеніне баса назар аударды.

— Жамбыл облысы минералдық-шикізат қоры мол, еліміздің химия

өнеркәсібінің негізгі орталықтарының бірі саналады. Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешенде елеулі артықшылықтарға ие өңір өңдеу өнеркәсібін, жанартылатын энергетиканы және көлік-логистикалық әлеуетті белсенді дамытып келеді.

Облыстың инвестициялық саясаты минералдық және ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеуді дамытуға, химия кластерін кеңейтуге, металлургияны, заманауи агроөнеркәсіптік өндірістерді, энергетиканы және экспортқа бағытталған өндірістерді дамытуға бағытталуға тиіс.

Инвесторларға тек шикізат көзін ғана емес, инженерлік инфрақұрылымы дайын, бизнесті жүр-

меттің, облыс әкімдігінің, дипломатиялық қызметтің және кәсіпкерлердің бірлескен жұмысының нәтижесінде Жамбыл облысы инвестициялық өсімінің жоғары қарқынын сақтап, еліміздің жетекші индустриялық өңірлерінің бірі ретіндегі орнын нығайтады деп сенемін, — деді Әлібек Қуантыров.

Штаб отырысында үш ірі инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысы, туындаған мәселелер және оларды шешу жолдары қаралды.

Инвесторлар жобалар бойынша бейнебайланыс арқылы баяндама жасалды.

Атап айтқанда, For You Energy ЖШС электр энергиясын өндіре



Great Sky ЖШС жоғары энергетикалық материалдар өндіретін өнеркәсіптік кешен салуды көздейді. Құны 470 млрд теңгені құрайтын жобаның өндірістік қуаттылығы жылына 2 400 тонна оқ-дәрі мен 2 700 тонна тротил өндіруге мүмкіндік береді. Кәсіпорында 1 500 адам жұмыспен қамтылады.

гізудің ашық шарттары қалыптасқан әрі жобаларды кешенді сүйемелдеу қамтамасыз етілген инвестициялық алаңдарды ұсынудың маңызы зор.

Ортақ міндетіміз — инвесторлар үшін түсінікті, ашық әрі қолайлы бизнес ортасын қалыптастыру. Жобалардың уақытылы жүзеге асуы, жана өндірістердің іске қосылуы және Қазақстанның инвестициялық тартымдылығының артуы мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы тиімді ынтымақтас-тыққа тікелей байланысты. Үкі-

отырып, қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін кешен салуды жоспарлап отыр. Құны 72 млрд теңге болатын жоба тәулігіне 900 тонна коксы өңдеп, 15 МВт электр энергиясын өндіреді. Жоба аясында 200 жана жұмыс орны ашылады.

Ал Great Sky ЖШС жоғары энергетикалық материалдар өндіретін өнеркәсіптік кешен салуды көздейді. Құны 470 млрд теңгені құрайтын жобаның өндірістік қуаттылығы жылына 2 400 тонна оқ-дәрі мен 2 700 тонна тротил өндіруге мүмкіндік береді. Кәсіпорында 1 500 адам жұмыспен қамтылады.

Сондай-ақ Harvest Group SA ЖШС жайылымдық және тынайған жерлерді суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарына айналдыру бағытындағы агроиндустриялық кластерді жүзеге асырады. Құны 94 млрд теңге болатын жоба 41 мың гектар аумақты қамтып, мыңға жуық жана жұмыс орнын құруды көздейді.

Міне, осылайша Жамбыл облысы инвестиция көлемі бойынша аймақтардың алпауытына айналып отыр. Бұл — әрине, қос қолдап қолдайтын дүние. Өйткені әрбір инвестиция — еліміздің, тұрғындардың баянды болашағының дінгегі.



НАРЫҚ

23 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

САНДЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ СЕРПІЛІС



Абай облысында цифрландыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Интернет инфрақұрылымын кеңейту, шалғай ауылдарды сапалы байланыспен қамту, жасанды интеллект мүмкіндіктерін күнделікті өмірге енгізу және қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге арналған жобалар өңірдің цифрлық келбетін жаңғыртып отыр. Бұл бастамалар тұрғындардың өмір сапасын жақсартып қана қоймай, аймақтың инвестициялық тартымдылығы мен туристік әлеуетін де арттыруға жол ашуда.

Қазір облыстағы 326 елді мекеннің 260-ы сымды және мобильді интернетке қосылған. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта айтарлықтай өседі. «Қазақтелеком» АҚ-мен жасалған инвестициялық келісім аясында 178 ауылға талшықты-оптикалық және спутниктік байланыс желілерін тарту жұмыстары қолға алынған. Жалпы ұзындығы 2 352 шақырымнан асатын талшықты-оптикалық желі салынып, жыл соңына дейін тағы 86 ауыл жоғары

жылдамдықтағы интернетке қол жеткізеді.

Цифрлық инфрақұрылымды дамытудағы тағы бір маңызды бағыт – республикалық маңызы бар автомобиль жолдары бойындағы байланыс сапасын жақсарту. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 40 антенна-дінгек құрылымын салу жоспарланған. Қазіргі уақытта олардың басым бөлігі бойынша жобалық құжаттар мемлекеттік сарап-

тамадан өтіп, құрылыс кезеңіне дайындалуда.

Бұл мәселе облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңесте де кеңінен қаралды. Әсіресе, туристер көп келетін Алакөл жағалауындағы байланыс сапасын арттыруға ерекше назар аударылды. Бұған дейін интернет қолжетімділігі шектеулі болған жағалауға алғаш рет талшықты-оптикалық байланыс желісі жеткізіліп, 150-ден астам демалыс орны жоғары жылдамдықтағы интернетке қосылды. Сонымен қатар жаңа антенна-дінгек құрылымдары орнатылып, байланыс операторларының базалық стансалары іске қосылды. Қабанбай ауылында да жаңа байланыс нысандарының құрылысы жалғасып жатыр.

«Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында аудан және қала орталықтарында «Қауіпсіз қала» жедел басқару орталықтары құрылуда.

Биыл Алакөл жағалауында 224 интеллектуалды бейнекамера орнатылып, туристік аймақты Семей қаласынан онлайн бақылауға мүмкіндік жасалды. Жергілікті мамандар әзірлеген жасанды интеллект жүйесі құқықбұзушылықтарды анықтап қана қоймай, жоғалған адамдар мен заттарды санаулы минут ішінде табуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ күмәнді әрекеттерді, оның ішінде суық қару алып жүру деректерін автоматты түрде анықтай алады. Жаңа технологияның тиімділігі алғашқы нәтижелерінен-ақ байқалды.



Өңірдегі цифрландыру жұмыстары тек байланыс сапасын жақсартумен шектелмейді. Бүгінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне жасанды интеллект технологиялары белсенді енгізіліп келеді. Мемлекет басшысының

Туристік маусым басталғалы жүйенің көмегімен жүзден астам адасып қалған бала ата-анасына табыстатып, жоғалған ұялы телефондар мен басқа да жеке заттар иелеріне қайтарылған. Мамандардың мәліметінше, жасанды интеллект енгізіл-

■ Қазақстанда шекаралық көлік өткізу бекеттерін қалпына келтіру жұмыстары алты жыл бұрын басталған болатын. 2020 жылғы ақпанда Жамбыл облысындағы «Қордай» автомобиль өткізу пунктін реконструкциялау және кеңейту жұмыстары қолға алынды. Кейін жаңарған бекет қолданысқа берілді. Алайда өзге пункттердің құрылысы ұзап кеткені байқалады. Сондықтан Президент бұл істі жеделдетуді қадап тапсырды. Себебі оның кешеуілдеуі теміржолмен және автокөлікпен жүк транзитін дамытуға бөгесін болып тұр.

Айхан ШӘРІП

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ СЕРПІЛІС СЫНАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткізу пунктірі мәселесін Жолдауларында да, Ұлттық құрылтай отырыстарында да көтерді. Жауапты тұлғалар қарымды іс-қимыл мен әбжілдік танытпағандықтан, Президентке бұл сынын 2026 жылғы 10 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында қайталауға тура келді.

— Біз жүк және жолаушылар транзитін барынша тиімді ету үшін шекарадағы өткізу бекеттерін жаппай жаңғырта бастадық. Былтыр 9 бекет іске қосылды. Келесі жылдың соңына дейін тағы 33 бекет толық жаңғыртылуға тиіс. Бірақ бекеттердің сапасына да қарауымыз керек. Цифрлық тәсілдер мен жасанды интеллектінің көмегімен кедендік рәсімдерді оңтайландыру керек. Бірақ бақылау да әлсіреп кетпесін. Еліміздің және көрші мемлекеттердің ақпараттық жүйелерін өзара байланыстыру керек, — деді Қ.Тоқаев.

Бұдан кейін ол 2026 жылғы 30 маусымда, қос палаталы Парламенттің соңғы бірлескен отырысында аталған проблемаға қайта оралып соқты. Мемлекет басшысы соңғы 5 жылда ел аумағы арқылы автокөлікпен тасымалданатын жүк көлемі екі есе артып, 6 миллион тоннаға жеткенін атап өтті. Былтыр автокөлікпен жүк тасымалдаушылардың табысы 1,5 триллион теңгеге жетті. Бұл — теміржол саласындағы кіріспен шамалас көрсеткіш.

Осының өзі отандық автокөлік тасымалы саласының әлеуеті зор екенін көрсетеді. Алайда тең-тең жүк арқан алып фуралар жыл он екі шекарада ұзын-сонар кезекте қантарылып тұрады. «Сондықтан келесі 2027 жылы автокөліктерді өткізу бекеттерін жаңғырту ісі аяқталуы керек!» — деп нүкте қойды Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Осыдан кейін Премьер-министр Олжас Бектенов: «Үкімет Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент айтқан тапсырмаларды орындауға кірісті. Келесі жылы автомобиль өткізу пункттерін жаңғыртуды аяқтау маңызды», — деп мәлімдеме жасады. Содан бері бір айға жуық

ШЕКАРА ҚАҚПАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ: ТАПСЫРМА, ҚАРҚЫН, НӘТИЖЕ



уақыт өтті. Не істелді? Үкіметтің баспасөз қызметінің хабарлауынша, мемлекеттік шекарадағы автомобиль өткізу пункттерін жаңғырту енді жеделдетілді. Мемлекет басшысының шекара маңы инфрақұрылымын дамыту, шекарадағы автомобиль өткізу пункттерін жаңғырту мәселелері бойынша тапсырмасын орындауды үйлестіруге Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев жауапты екен. Оның жетекшілігімен жуырда арнайы кеңес өтіп, онда автомобиль өткізу пункттерін қайта жаңарту және техникалық жабдықтау жобаларын іске асыру барысы қаралды.

ӨТКЕЛДЕРДІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ШЕШУШІ КЕЗЕҢІ

Бірінші вице-премьер Н.Нәлібаев өткізу пункттерін жаңғырту елдің транзиттік әлеуетін арттырудың, тексеру мен бақылаудан өту уақытын қысқартудың және азаматтар мен бизнес үшін қолайлы жағдай жасаудың негізгі шарты екенін атап өтті. Ол Көлік министрлігіне Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен, «ҚазАвтоЖолмен» және ҰҚК Шекара қызметімен бірлесіп, эскиздік жобаларды қайта қарауды, қазіргі заманғы қасбеттік материалдар мен жолаушылар және жүктер ағынын ұйымдастыру талаптарын ескере отырып, автомобиль өткізу пункттерінің бірыңғай дизайн-кодын бекітуді жүктеді.

Жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жобаларды іске асыру мерзімдеріне, құрылыс жұмыстарының сапасына бақылауды күшейту, сондай-ақ нысандарға барып, жаңғырту барысына тұрақты мониторинг жүргізу жөнінде тапсырмалар берілді. Үкіметтің мәліметінше, «автомобиль өткізу пункттерін жаңғырту жобаларын іске асыру Үкімет басшылығының ерекше бақылауында» болмақ.

Осы жұмыстың операторы «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы 2025 жылғы маусымда 37 өткізу пунктін жаңғырту тек 2030 жылы аяқталатынын жариялаған-тын.

«Қазақстанда мемлекеттік шекарадағы автомобиль өткізу пункттерін жаңғыртудың

ауқымды бағдарламасы басталды. Халықаралық сауданың, транзиттік тасымалдардың және жолаушылар ағынының өсуі жағдайында 2030 жылға дейін 37 шекаралық объектіні кезең-кезеңімен реконструкциялау жоспарланған. Қазақстандық-қырғыз-стандық және ҚР-РФ шекараларындағы 6 жоба («Бесағаш», «Әлімбет», «Қарасу», «Жаңа жол» және «Қосақ») қазіргі өзінде іске асырылу үстінде», — деп мәлімдеді сонда компания.

Президенттің сынынан кейін бұл меже 2028 жылға дейін бері жылжытылыпты. Бүгінде «Таскала», «Өрлітөбе», «Құрманғазы», «Ақсай», «Қайрак» және «Қамышановка» атты тағы 6 жоба қолға алыныпты.

Жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жобаларды іске асыру мерзімдеріне, құрылыс жұмыстарының сапасына бақылауды күшейту, сондай-ақ нысандарға барып, жаңғырту барысына тұрақты мониторинг жүргізу жөнінде тапсырмалар берілді.

Жалпы, Президент қабақ шытып, қатаң тапсырма бергенге дейін бұл бағытта бейберекеттік жайлап, істің тоқырауға ұшырағаны сезіледі. Мысалы, жауапты ведомство бұған дейін тек 33 өткізу пунктін қалпына келтірумен шектелуге бекініпті. «Бізге автомобиль өткізу пункттері бойынша жаңғырту жүріп жатыр. Ауқымды жұмыс басталды. 2026-2027 жылдар ішінде біз 33 өткізу пунктін толық жаңғыртуды жоспарлап отырмыз. 2030 жылға қарай олардың өткізу қабілетін 35 млн тоннаға дейін ұлғайту мүмкіндігімен реконструкцияны толығымен аяқтаймыз», — деген еді биылғы 4 қантарда Көлік вице-министрі Мақсат Калиакпоров. Енді Президент сынынан кейін бұл сан 33-тен 37-ге ұлғайды.

— Шекара маңы инфрақұрылымын дамыту шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі шекарасындағы автомобиль өткізу пункттерін жаңғырту жалғасты. 2028 жылға дейін 37 өткізу

пунктің жаңғырту көзделген. Оның басым көпшілігі немесе 30-ы шекараның Қазақстан—Ресей учаскесінде орналасқан. Бұл осы елмен ынтымақтастық бағытының стратегиялық маңыздылығын көрсетеді. Жаңғырту іс-шараларын іске асыру Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға, көлік-логистикалық дәліздердің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлар мен азаматтардың үздіксіз әрі қауіпсіз орын ауыстыруын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады, — деп түсініктеме берді «Қаз-АвтоЖол» ҰҚА АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев.

ТРАНЗИТТІ ТОСЫЛТҚАН ТҮЙТКІЛ

Кеденге жауапты Қаржы министрі Мәди Такиевтің мәліметінше, кедендік рәсімдердің ашықтығы мен біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында саланы ауқымды цифрландыру жүргізіліп жатыр. Бүгінде елдің сыртқы шекараларындағы 9 автомобиль өткізу пунктін жаңғырту жұмыстары аяқталды. 2025 жылдан бері 14 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасқан. Қалған 23 өткізу бекеті бойынша дайындық жұмыстары басталды және олар құрылыс жұмыстарымен қамтылған. Сондай-ақ Президенттің тапсырмасына орай автоматтандырылған бақылау тетіктері мен электрондық декларациялау арналарын енгізген. 5 пунктте жүк көліктеріне арналған сервистік аймақтар салынып жатыр.

Әйткенмен, Үкімет басшысы О.Бектенов Президент қойған міндетке сәйкес, барлық

геннен кейін құқықбұзушылықтар саны бірнеше есеге азайған.

Цифрлық даму кадр даярлау ісімен қатар өрістеп келеді. Семей қаласындағы Оқушылар сарайында Tomorrow School халықаралық ТУМО білім беру орталығын ашу жұмыстары жүргізілуде. Мұнда оқушылар жасанды интеллект, бағдарламалау, робототехника, графикалық дизайн, анимация және 3D модельдеу бағыттары бойынша заманауи білім алып, болашақтың сұранысына сай мамандықтарға бейімделеді.

Облыс Әкімі Берік Уәли Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялауы бұл саладағы жұмыстарға жаңа серпін бергенін атап өтті.

— Цифрлық инфрақұрылымды дамыту — өңірдің әлеуметтік-экономикалық өсімінің негізгі алғышарттарының бірі. Жүзеге асырылып жатқан жобалар халықтың тұрмыс сапасын жақсартып қана қоймай, инвестиция тартуға, қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге және заманауи цифрлық қызметтердің қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен өз нәтижесін береді, — деді облыс әкімі.

Бүгінде цифрлық технологиялар — заманның басты талабы ғана емес, өңірдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын маңызды көрсеткіштің бірі. Абай облысында қолға алынған жобалар цифрлық трансформацияның нақты нәтижесін көрсетіп, өңірдің жаңа даму кезеңіне нық қадам басқанын аңғартады. Инфрақұрылымнан бастап қауіпсіздік пен білім беру саласына дейінгі кешенді жұмыстар алдағы жылдары облыстың тұрақты дамуына берік негіз болмақ.

Э.ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ

37 өткізу бекетінің құрылысын 2027 жылы толық аяқтау қажеттігіне табандап отыр. Бұл міндет белгіленген межеде орындала ма, уақыт көрсетеді. Жуырдағы Үкімет отырысында Премьер-министр «өткізу пункттеріндегі жаңғырту жұмыстарының тым баяу жүргізіліп жатқанын» қатаң сынға алып, «қарқынның жоқтығын» нұсқалды. Сол себепті барлық операциялық процесті жеделдетуді тапсырды.

Әйтпесе, шекаралық бекеттердің шектеулі өткізу қабілеті транзиттік әлеуетті толыққанды жүзеге асыруға кедергі болып жатқан көрінеді. Мысалы, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының деректеріне жүгінсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша транзиттік тасымалдау көлемі 33 млн тоннаға жетті. Бұл 2024 жылғы деңгейден 20%-ға көп! Алайда транзиттік тасымал үлесі жалпы тасымал көлемінің 10%-ын ғана құрады. Қалған тасымал шекараны кесіп өтпей, ел аумағында ғана орындалған. Бірақ 2026 жылғы қантарнаурыз айларында транзит 14%-ға күрт өсіп, 8 млн тоннадан 9 млн тоннаға дейін ұлғайды. Бұл ретте контейнерлік тасымал 6%-ға өсіпті.

Мұның сыртында ұлттық компания транзит әлеуетін молатын пайдалануға мүмкіндік болуы үшін мемлекетаралық түйісу пункттерінің өткізу қабілетін жылына 100 млн тоннаға дейін кеңейту қажеттігіне назар аудартты. Бұл халықаралық тасымалдауға серпін беріп, өткізу пункттері арқылы өту тәртібін жеңілдетер еді.

Бұдан бөлек, автомобиль өткізу пункттерін еселеп өскен тасымал ауқымы мен заман талабына сай қайта құру және техникалық жағынан жете жарактандыру қажет. Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытылы әзірлеу және мемлекеттік сараптамадан өткізу, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарының кестесін қатаң сақтау міндеті тұр.

Бұл саладағы ведомствоаралық үйлестіру, соның ішінде құрылыс жұмыстарын бақылау ісі ақсап тұрған көрінеді. Оны күшейту және оны өткізу пункттерінде заманауи бақылау жүйелерін енгізу ісімен ұштастыру шаралары арнайы бақылауды талап етеді. Жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыру, құрылыс сапасы мен мерзімдеріне қатаң қадағалауды қамтамасыз ету, сондай-ақ тікелей нысандардың өзінде жұмыс барысына тұрақты мониторинг жүргізу маңызды.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы ерекше мән беріп отырған бұл салада түпкілікті нәтижесіне жетпей тұрған, тіпті әлі түрен түсе қоймаған маңызды міндеттер өрісі өте кен. Ақыр соңында жаңғырту жұмыстары жай ғана тапсырманың орындалғаны туралы көркем есепке айналып кетпесе, жөн.

Кенес кезінен бері жөндем жөндеу көрмеген өткізу бекеттерін толық ауқымды жаңғырту жолаушылар мен жүк өткізу қабілетін бірнеше есеге ұлғайтуға, шекаралық және кедендік бақылаудан өту уақытын қысқартуға, сондай-ақ азаматтар мен бизнес, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін қазіргі заманғы және қауіпсіз жағдайлар жасауға қызмет етуге тиіс. Бастама сонымен қатар шекара маңындағы өңірлердің дамуын ынталандырады және Қазақстанның халықаралық көлік дәліздеріне интеграциялануын күшейтеді.

23 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ӨРТКЕ ТОСҚАУЫЛ: ЖАҢАРТЫЛҒАН ЖҮЙЕ, КЕШЕНДІ ТӘСІЛ



Ертіс маңының жолақты қарағайлы ормандары – Қазақстандағы өрт қаупі ең жоғары орман алқабының бірі. Мұнда негізінен қарағай өседі, ал аптап ыстық пен құрғақ ауа райында қылқан жапырақтар, қураған шөптер өрттің тез өршуіне әсер етеді. Әсіресе, желдің екпіні бықсы жанған отты үрлей түсіп, жалынның санаулы минуттарда ағаштардың ұшар басына дейін жайылып, өрттің таралуын жылдамдатады.

Ерлан НЫСАНБАЕВ, Экология және табиғи ресурстар министрі

Соңғы жылдардағы «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватында болған ең ірі өрттер дәл осылай өршелене түсіп, алапат өртті ауыздықтау оңайға соққан жоқ. Алайда 2023 жылғы трагедия бүкіл орман қорғау жүйесі үшін ауыр сабақ болды. 2026 жылғы шілдеде орманда тұтанған от дер кезінде ырыққа көнді.

ӨТКЕН КҮННЕН САБАҚ
2023 жылғы 8 маусымда Батпаев орманшылығында шыққан өрт қысқа уақыт ішінде бақылаудан шықты. Желдің күшеюі салдарынан тұтанған от төменнен жоғарыға қарай таралып, алапат өртке айналып жалпы аумағы 60 мың гектарға жетті. Ең өкініштісі, қызметтік міндетін атқару кезінде резерваттың 14 қызметкері қаза тапты. Ол кезде жүйе мұндай ауқымды апатқа дайын емес еді. Техниканың едәуір бөлігі физикалық тұрғыдан тозған болатын, ал әртүрлі ведомстволар арасындағы өзара іс-қимыл оқиға барысында ғана ұйымдас-тырылды. Бірыңғай іс-қимыл тәртібі болмағандықтан, шешімдерді келісуге аса ұзақ уақыт жұмсалды. 2023 жылы мемлекеттік орман иеле-нушілердің техникалық жарактанды-рылуы жеткіліксіз деңгейде болды. Норматив бойынша 652 өрт сөндіру автокөлі-гі қажет болса, қолда бар техника саны 424 бірлікті құрады, оның ішінде 222-сі есептен шығаруға жататын. Жалпы қамта-масыз етілу деңгейі 65%-ды, ал пайдалану

мерзімі аяқталған техниканы есепке ал-мағанда 31%-ды құрады. Орман өрттерін патрульдеуге және сөндіруге арналған шағын орман-патруль-дік өрт сөндіру кешендерінің саны норма-тив бойынша қажетті 665 бірліктің орны-на небәрі 224 болды, оның ішінде 38-і есептен шығаруға жататын. Қамтамасыз етілу деңгейі 33%-ды, ал аталған техника-ны есепке алмағанда 28%-ды құрады. Әсіресе, «Семей орманы» резерватын-да жағдай күрделі болды. Мұндағы 65 өрт сөндіру автокөлігінің 62-сі, сондай-ақ 13 шағын орман-патрульдік өрт сөндіру ке-шенінің 11-і есептен шығару мерзіміне жеткен еді. Соған қарамастан, бұл техни-ка тұрақты техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының арқасында жұмысқа жарамды күйде ұсталып, орман-дарды патрульдеу және өрттерді сөндіру кезінде пайдаланылып келді.

ҮШ ЖЫЛДА НЕ ӨЗГЕРДІ?
2023 жылғы трагедиядан кейін орман өрттерінен қорғау жүйесін ауқымды жаңғырту басталды. Бұл тек жана техника сатып алумен ғана шектелген жоқ. Үш жыл ішінде өртке қарсы техника-лар паркі жаңартылды, авиациялық күзет күшейтілді, байланыс пен мониторинг жүйелері дамытылды, мемлекеттік орган-дардың өзара іс-қимыл тәртібі қайта қа-ралды және мамандарды даярлау деңгейі едәуір артты. 2023–2026 жылдары мемлекеттік орман иеленушілер үшін 2,2 мыңнан астам тех-ника сатып алынып, жеткізілді. Оның қатарында өрт сөндіру автокөліктері, шағын орман-патрульдік өрт сөндіру ке-шендері, тракторлар, патрульдік ав-

токөліктер, ұшқышсыз ұшу аппараттары, заманауи байланыс құралдары, мотопом-палар және өзге де жабдықтар бар. Ерекше назар «Семей орманы» резер-ватына аударылды. Оның филиалдарына 123 жана техника, оның ішінде 53 өрт сөндіру автокөлігі берілді. Жана ав-токөліктер жолақты қарағайлы ормандар жағдайында жұмыс істеуге арнайы бейім-деліп жасалған. Олар дәстүрлі өрт сөндіру автокөліктеріне қарағанда жеңіл болған-дықтан, құмды жолдар мен орман ішінде-гі сүрлеулерде еркін қозғалады. Су қоры қозғалыс барысында да өртті сөндіруге жеткілікті, ал өзін-өзі қорғау жүйесі ав-токөлікті салқындатып, оттан зақымдану қаупін азайтады. Қозғалтқыштың, жанар-май бағының қосымша қорғанысы, лебед-ка, мотопомпа және заманауи жабдықтар өрт сөндірушілерге өрт шебінің дәл маңында жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

ЖАҢА ТЕХНИКА ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ ӨРЕКЕТ
KamAZ және HOWO үлгісіндегі жана өрт сөндіру автокөліктері жолақты қа-рағайлы ормандардың ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген. Су сыйым-дылығы – 3 тонна. Мұндай көлем құмды жолдарда, орман ішіндегі сүрлеулерде және қатынауы қиын учаскелерде көліктің өтімділігі мен маневрлігін сақтауға мүм-кіндік береді. Автокөлік қозғалыс кезінде де өртті сөндіре алады. Өзін-өзі сөндіру жүйесі доңғалақ доғаларына, кузовтың периметрі бойына және қозғалтқыш бөлігінің алды-на су береді. Қозғалтқыш, беріліс қорабы және жанармай бағы қосымша металл қорғаныспен жабдықталған. Сонымен қатар лебедка, жылжымалы радиостанса, мотопомпа және қажетті өртке қарсы техникалық жарақ орнатылған. Автокөлік су ағынын 100 метрге дейін жеткізе алатын заманауи лафеттік оқпандармен жаб-дықталған, бұл орман өрттерімен күрес мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтеді. Бұл жана техникалар өрт сөндірушілер-ге өрт шебінің дәл маңында жұмыс істеуге, өрт сөндіру жеңдерін төсеуге, автокөліктің алдынан су беруге және қарқынды жану аймағынан қауіпсіз шығуға мүмкіндік береді. Құмды топырақты қарағайлы ор-мандар үшін бұл шешімнің практикалық маңызы зор. ТМД елдері ішінде баламасы жоқ мұндай автокөліктер өрт кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтауға, жедел әрекет етуге бейімделген. Бүгінгі күні төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында автопарктерді жанартумен қатар мемлекеттік органдар-дың өзара іс-қимылының бірыңғай алго-ритмі әзірленді. Соған сәйкес, ірі өрттерді сөндіруге қандай органның, қашан және қандай кезектілікпен жұмылдырылатыны да алдын ала айқындалды. Құжатта орман-дарды күнделікті мониторингтеуден бастап авиацияны, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қа-уіпсіздік комитетінің, жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері берісіп елді мекенді

органдардың және басқа да қызметтердің күштерін тартуға дейінгі барлық кезеңдер нақты көрсетілген. Бұл төтенше жағдай кезінде негізгі ұйымдастырушылық шешімдерді шұғыл қабылдау қажеттілігін жойды. Сактық шаралары үшін әзірленген бұл тетік тек құжат жүзінде қалмас үшін жыл сайын ірі командалық-штабтық оқу-жаттығулар өткізіледі. Әр жылдары олар «Семей ор-маны», «Ертіс орманы» резерваттарында және Қостанай облысында ұйымдастыры-лады. Жаттығулар барысында мамандар штабтың жұмысын, авиация мен жерүсті бөлімшелерінің өзара іс-қимылын, акпа-рат алмасуды және күштерді жедел шоғыр-ландыруды пысықтайды. Сонымен қатар кадрларды даярлау жұмысы күшейтілді. Соңғы үш жылда орман өрттерін сөндіру жұмыстарын басқаратын шамамен үш мың басшы ар-найы оқытудан өтті. **АЙТУҒА ОҢАЙ...**
2023 жылғы алапат өрттен сабақ ала отырып, жаңартылған жүйені іске қосудың нәтижесінде биыл 16 шілдеде басталған өрттің зарлабын еңсеру біршама жеңілрек болды. Яғни жаңартылған жүйе өзінің ең маңызды сынағынан өтті деуге болады. 16 шілде, таңғы сағат 09:45-те «Семей орманы» резерватының Бородулиха фи-лиалына қарасты Қамышен орман-шылығында өрт шыққаны туралы хабар-лама түсті. Арала небәрі 15 минут өткенде өртті сөндіру жұмыстары басталды. Жағдай өте күрделі болды. Ауа темпе-ратурасы +34 градусқа дейін жетті, жа-уын-шашын болған жоқ. Өрт қауіптілі-гінің бесінші төтенше деңгейі сақталды. Желдің жылдамдығы секундтыңа 14 метр-ге дейін жетті. Өрт қарағайлы орманда басталып, көп ұзамай жоғарғы өртке ұлас-ты. Оқиға орнына алғашқы болып мемле-кеттік орман күзетінің қызметкерлері мен «Қазавиаорманқорғау» мамандары жетті. Кейін бекітілген Алгоритмге сәйкес, күштер кезең-кезеңімен толықтырылды. Өртті сөндіруге «Ертіс орманы» резер-ватының күштері, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қа-уіпсіздік комитетінің бөлімшелері, жер-гілікті атқарушы органдар мен медицина-лық қызметтер жұмылдырылды. Жалпы өртті сөндіруге 800 адам, 193 жерүсті техникасы және су төгу құрылғыла-рымен жабдықталған 8 тікұшақ («Қазавиа-орманқорғау» РМҚ, Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, ТЖМ және ШҚО әкімдігі авиация-лық бөлімшесінің әуе кемелері) қатысты. Тек авиацияның өзі 17 шілде танына дейін 270 рет су төгіп, өрт ошақтарына жалпы көлемі 810 тонна су жеткізді. Әуе кемелері жерүсті техникасы жедел жете алмайтын учаскелерде жұмыс істеді. Осы уақытта жерде орман күзеті қыз-меткерлері минералдандырылған жо-лақтар жүргізіп, өрт шебін ұстап тұрды, ал ТЖМ мен жергілікті атқарушы органдар-дың бөлімшелері бірлесіп елді мекенді

қорғап, өрттің қапталдар арқылы таралуы-на жол бермеді. Түнгі уақытта да жұмыстар тоқта-тылған жоқ. Жасырын бықсып жанатын ошақтарды анықтау үшін жылу камера-сымен жабдықталған ұшқышсыз ұшу ап-параты пайдаланылды. Өрттің одан әрі таралуын тоқтату мүм-кін болды. 18 шілде күні таңертең өрт окшауланды. Өрт толық сөндірілгеннен кейін белгіленген тәртіпке сәйкес, 15 күн ішінде өрт шарпыған аумақтың нақты көлемі анықталады. Алдын ала бағалау бойынша жоғарғы өрттің аумағы шамамен 370 гектарды құрайды. Өрттің жоғарғы түрге ауысқанына және ауа райының аса күрделі жағдайына қарамастан, оның одан әрі таралуына жол берілген жоқ. Ең бастысы, 2023 жылғыдай адам шығыны мен қайғылы салдардың алдын алуға мүмкіндік болды. Өрт окшау-ланғаннан кейін орман күзеті қызметкер-лері аумақты күзету жұмыстарын жалғас-тырып, бықсу ошақтарын толық жою жұмыстарын жүргізді. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс минис-трлігінің, Абай облысы әкімдігінің және азаматтық қорғау жүйесінің басқа да қыз-меттерінің жанқиярлықпен, ұйымшыл әрі үйлесімді атқарған жұмысының арқасында 2023 жылғы трагедияның қайталануына жол берілген жоқ. Дегенмен орман өрттеріне тиімді қарсы іс-қимыл жасау үшін күштер мен құралдардың дайындығын, ведомство-аралық өзара іс-қимылды және профилак-тикалық шараларды одан әрі күшейту қажет.

САНДАР ЖӘНЕ НӘТИЖЕ
2026 жылғы өрт қауіпті кезеңінің ста-тистикасы да қабылданған шаралардың тиімділігін көрсетіп отыр. 2026 жылғы шілде айының ортасын-дағы жағдай бойынша мемлекеттік орман қоры аумағында 498 орман өрті тіркелді. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 42%-ға көп. Соған қарамастан, өрт шарпыған жалпы аумақ шамамен төрт есеге қысқарып, 10,3 мың гектарды құрады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы өрттердің жалпы ауданы үш еседен астам азайды. Бұл тұрғыда «Семей орманы» резерва-тының қорсеткіштері де назар аудартады. Шілде айындағы ірі өртке дейін мұнда 117 өрт тіркеліп, олардың жалпы ауданы небәрі 13,9 гектарды құрады. Орта есеппен әрбір өрттің аумағы шамамен 0,12 гектар болған. Бұл өрт ошақтарының басым бөлігі бастапқы кезеңінде дер кезінде анықталып, жойылғанын көрсетеді. Тек биылғы жылдың 20 шілдесінде ғана «Семей орманы» резерваты аумағын-да 42 өрт ошағы тіркеліп, олардың бар-лығы жедел түрде сөндірілді. Соңғы жылдардағы тәжірибе көрсеткен-дей, заманауи техниканың өзі ғана орман өрттері мәселесін толық шеше алмайды. Нәтижеге тек кешенді тәсіл арқылы қол жеткізуге болады. Ол — жана өрт сөндіру автокөліктері, авиация, ұшқышсыз мони-торинг, сенімді байланыс, білікті мамандар, нақты басқару және барлық қызметтердің алдын ала пысықталған өзара іс-қимылы. Дәл осы факторлардың үйлесімі 2026 жылдың шілде айында «Семей орманы» резерватындағы жоғарғы өрттің таралуын тоқтатуға және үш жыл бұрынғы қайғылы оқиғаның қайталануына жол бермеуге мүмкіндік берді.

ОТБАСЫЛАРҒА ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Баспана – отбасының берекесі мен тұрақтылығының негізі. Әр отбасының өз шаңырағына ие болып, қауіпсіз әрі жайлы ортада өмір сүруі – қоғамның әлеуметтік әл-ауқатын айқындайтын маңызды көрсеткішінің бірі. Осы ретте азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру және әлеуметтік осал санаттарға қолдау көрсету – еліміздегі әлеуметтік саясаттың басым бағытының бірі.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы
Бұл бағыттағы жұмыстар Шымкент қаласында да жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Қалада тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған мемлекеттік және әлеуметтік бағдарламалар кезең-кезеңімен іске асырылып, баспаналы болуды көздеген азаматтарға нақты мүмкіндік берілуде. Жуырда шаһарда тағы 30 отбасы жана пәтердің кілтін алып, қуанышты сәтке куә болды. Жана қоныс иелеріне баспана кілттерін Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков табыстады. Пәтерлер «Отбасы банк» АҚ-ның «2-10-20» және «5-10-20» жеңілдетілген ипотека-лық бағдарламалары аясында берілді. Жана көпқабатты тұрғын үйлер Бозарық шағын-ауданында орналасқан. Заманауи талаптарға сай бой көтерген баспаналар енді ондаған отбасы үшін жана өмірдің бастауы болмақ. Баспаналы болғандардың қатарында көп-балалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған жанұялар және бюджет саласының қызметкерлері бар. Олардың әрқайсысы үшін бұл – жай ғана жана пәтер емес, отбасының болашағына деген сенімін нығайтатын маңызды қадам.

Жана пәтердің кілтін қолына алған отбасылардың қуанышы да ерекше. Өйткені баспана — адамның күнделікті тұрмы-сын жақсартатын материалдық игілік қана емес, ол отбасы мүшелерін бір шаңырақ астына біріктіретін, ұрпақ тәрбиесіне қолайлы жағдай қалыптастыратын қасиет-ті мекен. Өз үйі бар отбасы ертеңіне сенім-мен қарап, бала тәрбиесіне, білім алуға, еңбек етуге және қоғам өміріне белсенді араласуға мүмкіндік алады. Осы тұрғыдан алғанда, тұрғын үй сая-саты мен отбасы институтын қолдау бір-бірімен тығыз байланысты. Отбасының тұрақтылығы мен әл-ауқаты — қоғамның беріктігінің маңызды негізі. Сондықтан мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік бағдарламалардың түпкі мақсаты азаматтарға баспана беру арқылы ғана шектелмейді. Оның аясында отбасылардың тұрмыс сапасын арттыру, балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада өсуіне жағдай жасау, ата-аналардың әлеу-меттік тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттер де қамтылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде отбасы институтын нығайтуға, бала тәрбиесіне қолайлы орта қалыптастыруға және аза-



маттардың әлеуметтік әл-ауқатын артты-руға айрықша мән беріліп келеді. Бұл ретте баспанамен қамтамасыз ету мәселе-сі де әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Себебі тұрақты табыс пен қолжетімді бас-пананың болуы — отбасының болашаққа нық қадам басыуына мүмкіндік беретін негізгі факторының бірі. Шымкент халық саны жыл сайын ар-тып келе жатқан, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қарқынды дамып жатқан ірі мегаполистердің бірі. Қала халқының өсуі тұрғын үйге деген сұраныс-тың да артуына әсер етуде. Сондықтан шаһарда жана тұрғын үй алаптарын дамы-ту, көпқабатты үйлер салу, инженерлік инфрақұрылымды жетілдірумен қатар, тұрғындарға баспана алудың қолжетімді тетіктерін ұсыну бағытындағы жұмыстарға

ерекше көңіл бөлінуде. Бұл ретте жеңіл-детілген ипотекалық бағдарламалардың маңызы зор. Мұндай жобалар баспанаға мұқтаж азаматтарға тұрғын үй нарығын-дағы мүмкіндіктерін кеңейтіп, ұзақмерзімді жоспар құруға жол ашады. Әсіресе, көпба-лалы отбасылар, ерекше баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар және әлеуметтік маңы-зы бар салаларда еңбек етіп жүрген азамат-тар үшін мұндай қолдау — үлкен мүмкіндік. Баспана мәселесінің шешілуі отбасы-ларға жана мүмкіндіктерге жол ашады. Бірі балаларының болашағын жоспарласа, енді бірі жана кәсіп бастауға, білім алуға немесе кәсіби тұрғыдан дамуға мүмкіндік алады. Ал балалар үшін жана үй — қауіпсіздік пен тұрақтылықтың, бақытты балалық шақтың символы. Сондықтан Шымкентте тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған әрбір жоба әлеуметтік маңы-

зы жоғары бастама ретінде бағаланады. Қалада жана тұрғын үйлердің бой көте-руімен қатар, азаматтардың баспанаға қол жеткізу мүмкіндігін арттыруға бағытталған жұмыстардың жалғасуы — шаһардың әлеу-меттік дамуындағы маңызды көрсеткіш. Бүгінде баспаналы болған 30 отбасы үшін жана пәтер — жана өмірдің бастауы. Енді бұл үйлерде балалардың күлкісі естіліп, отбасылық дәстүрлер қалыптасып, талай қуанышты сәттер атап өтіледі. Шымкентте жана баспаналардың бой көтеруі мен азаматтардың тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар-дың жалғасуы қаланың әлеуметтік әлеу-етін арттырып қана қоймай, отбасылар-дың болашаққа деген сенімін нығайта түсуде. Өз үйіне қол жеткізген әрбір отба-сы — тұрақты әрі берекелі қоғам құру жолындағы тағы бір маңызды қадам.

ОРМАН ҮШІН АРПАЛЫС: ӨРТ ҚАЛАЙ ӨШІРІЛДІ?



Абай облысындағы «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының Бородулиха ауданындағы орман өрті басылды. Бұл – тек бір өңірдің емес, күллі елдің назарын аударған күрделі табиғи оқиғаның бірі болды. Қауіпті ауыздықтау үшін жүздеген құтқарушы, орманшы, әскери қызметкер мен авиация жұмылдырылып, тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде өрттің елді мекендерге таралуына жол берілмей, Камышенка ауылы аман сақталды.

Орман өрті – табиғатқа ғана емес, ел қауіпсіздігіне де төнетін қатер. Сондықтан алғашқы күннен бастап жағдай мемлекеттік деңгейде бақылауға алынды. Абай облысының әкімі Берік Уәли оқиға орнына бірнеше рет барып, өрт аумағын тікұшақпен әуеден шолып, жауапты мекемелердің жұмысын үйлестірді. Өңір басшысы ең басты міндет тұрғындардың өмірі мен қауіпсіздігін сақтау екенін атап өтті.

Өртті сөндіруге Төтенше жағдайлар министрлігі, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, жергілікті атқарушы органдар, «Семей орманы» және «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваттарының қызметкерлері, «Қазавиаорманқорғау» мамандары жұмылдырылды. Сонымен қатар Абай, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары мен Астана қаласынан қосымша күштер тартылды.

Өртпен күрестің алғашқы кезеңінде 600 адам мен 148 техника жұмыс істесе, жағдайдың күрделенуіне байланысты күштер саны едәуір арттырылды. Соңғы мәлімет бойынша апатпен күреске 769 адам, 191 бірлік жерүсті техникасы және 8 тікұшақ қатысты. Әуе техникасының еңбегі ерекше болды. Тікұшақтар бірнеше жүз мәрте әуеден су төгіп, жалынның таралуына тосқауыл

қойды. Авиацияның көмегімен өрт ошақтарына жүздеген тонна су жеткізіліп, орман алқаптарындағы аса қауіпті аумақтарды сөндіруге мүмкіндік туды. Мамандардың айтуынша, дәл осы үйлесімді әрекет өрттің ауқымын кеңейтпей, оны қысқа мерзімде оқшаулауға ықпал етті.

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің тапсырмасымен Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев пен Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов өңірге арнайы барып,

облыс әкімімен бірге жағдайды бағалады. Әуеден жүргізілген бақылау барысында күштер мен техниканың орналасуы нақтыланып, қосымша шешімдер қабылданды. Бұл мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдың жоғары деңгейде үйымдастырылғанын көрсетті.

Бүгінде ашық жану ошақтары толық тоқтатылды. Дегенмен мамандар қайта тұтанудың алдын алу жұмыстарын жалғастырып жатыр. Күйген ағаштар бөлшектеліп, орман ішіне топырақ пен су себілуде. Сонымен қатар өрттің қайта таралуына жол бермеу үшін минералдандырылған жолақтар жасалып, жер жырту жұмыстары жүргізілуде.

Абай облысындағы бұл өрт тағы бір маңызды мәселені күн тәртібіне шығарды. Соңғы жылдары климаттың өзгеруі, аптап ыстық пен құрғақшылық табиғи өрттердің жиілеуіне әсер етіп отыр. Сондықтан мұндай апаттардың алдын алу тек төтенше жағдай қызметінің ғана емес, табиғатты қорғау саласының, жергілікті биліктің және қоғамның ортақ міндетіне айналуға тиіс.

«Семей орманындағы» оқиға мемлекетіміздің табиғи апаттарға қарсы әрекет ету жүйесінің әлеуетін көрсетті. Қысылтаян сәтте түрлі ведомствоның бірлесіп жұмыс істеуі, авиацияның тиімді қолданылуы және мамандардың кәсіби біліктілігі арқасында тілсіз жау ауыздықталды. Ендігі басты міндет – өртті толық сөндіріп қана қоймай, осындай апаттардың қайталануына жол бермейтін алдын алу шараларын күшейту.

Өйткені орман – табиғаттың ғана емес, болашақ ұрпақтың аманаты. Ал оны қорғау – баршаға ортақ жауапкершілік.

Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы



ТІЛСІЗ ЖАУҒА ҚАРСЫ ТЕГЕУРІН КЕРЕК

Жаздың аптабы басталды. Шіліңгір шілдеде ыстықтан көлеңке табу қиынға соққандай. Ал төтеншеліктердің жазғы маусымдағы жұмысы қауырт. Күнде «бір жерден өрт шықты» деген хабар ақпарат айдыны арқылы халықтың құлағына жетіп жатыр. Қарағанды облысында да дала өрті құрғақшылық салдарынан титімдеп жинаған шаруаның шөбін де баудай түсіруде.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Маусым айында Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданына жұмыс сапары барысында Ақбел ауылында өртке қарсы ерікті құрылымының ашылуына қатысқан болатын. Жаңа нысан ауылдық елді мекендердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға және төтенше жағдайларға жедел ден қоюды қамтамасыз етуге бағытталған ведомстволық «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасының бір бөлігі болды. Бағдарлама аясында ауылдық бөлімшеге өрт сөндіру автоцистернасы, жеке қорғаныс құралдарының жиынтығы, радиостансаларды қоса алғанда, заманауи байланыс құралдары, сондай-ақ өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі берілді. Бұл жарактандыру еріктілерге кәсіби бөлімшелер келгенге дейін өрттерді тиімді сөндіруге және халыққа жедел көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Қарағанды облысында бағдарламаны дамыту жұмыстары жалғасуда. 2025 жылдан бастап 13 ерікті өрт сөндіру бекеті құрылды, оның ішінде реновация аясында жаңғыртылған төрт нысан бар. Биыл тағы 31 ерікті өртке қарсы құралым құру және жаңарту жоспарланған. Жобаны іске асыру азаматтық қорғау жүйесін нығайтуға және өңірдің ауыл тұрғындарының қауіпсіздік деңгейін арттыруға ықпал етуде.

Өңірде табиғи өрт қаупін азайтуға бағытталған алдын алу шаралары күшейтілген режимде жүргізілуде, осы мақсатта 320 адамды қамтитын 70 мобильді топ құрылып, олар жергілікті аумақтарда тұрақты бақылау жұмыстарын атқаруда. Сондай-ақ 2026 жылғы жоспарға сәйкес, жергілікті атқарушы органдар 18 жаңа өрт сөндіру бекетін құруды және 14 бекетті жаңғыртуды көздеп отыр, нәтижесінде жалпы саны 39 мыңнан астам тұрғыны бар 84 елді мекеннің өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін болады.

— Өрт қаупі жоғары аймақтарда механикаландырылған жасақтардың



(дозорлардың) кезекшілігі тұрақты түрде ұйымдастырылып, қауіпсіздікті бақылау күшейтілген режимде жүргізілуде, сонымен қатар күн сайын ұшқышсыз ұшу аппараттары мен ерте анықтау жүйелері арқылы орман шаруашылығы мекемелеріне мониторинг жасалып, Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында бейнебақылау камераларын іске қосу жұмыстары да қатар атқарылуда, — делі Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының міндетін атқарушы Елдос Зияда.

Төтенше жағдайлар департаментінің базасында бүкіл өрт қаупі жоғары кезеңге тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылып, қауіпсіздік шаралары үздіксіз бақыланып отыр. Мамандардың айтуынша, құрғақ шөп, сабан және коқысты жағуға, сондай-ақ желді ауа райында от тұтатуға қатаң тыйым салынады, өйткені мұндай әрекеттер өрттің тез таралуына себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар сөндірілмеген темекі қалдықтары мен ыстық күлді бейберекет тастау да үлкен қауіп тудырады. Сала

ҚАУІПТІ ЕСКЕРМЕГЕН ҚАТЕРГЕ ҰРЫНАДЫ

Кейінгі аптадағы аптап ыстық тұрғындарды су айдындарына ағылдырғаны анық. Күннің ыстығынан қорғануға қам жасаған халық бассейндерде де көптеп бой тасалауда. Алайда суға түскен балалар былай тұрсын, ересектердің өздері қауіпсіздік шараларын сақтай бермейтіні бар. Салдарынан жылда Жамбылда қайғылы оқиға тіркеліп жатады. Міне, осы оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында қазір өңірде қауіпсіздік шаралары күшейтілген режимде жүргізілуде.



Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Облыстық Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Ералы Ақылбековтің айтуынша, су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында кешенді профилактикалық жұмыстар қолға алыныпты.

— Бүгінде облыс аумағында шомылуға рұқсат етілген 12 орын белгіленген. Бұл аумақтарда тәулік бойы 6 стационарлық және 6 мобильді құтқару жасағы кезекшілік етеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 21 құтқарушы, 8 жүзу құралы мен 8 арнайы техника жұмылдырылған. Шомылу орындарында қызмет атқаратын 12 құтқарушы алғашқы медициналық көмек көрсету және суда құтқару бойынша 40 сағаттық арнайы даярлықтан өткен. 16-19 маусым аралығында облыстағы 7 жазғы сауықтыру лагерінде кешенді профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, 2 400 оқушы қамтылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда, — дейді Ералы Ақылбеков.

Шомылу маусымы басталғалы Төтенше жағдайлар департаменті, полиция және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп 621 рейд өткізіп отыр. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 364, 412, 440 және 582-баптарына сәйкес, 704 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Абырой болғанда, биыл қайғылы оқиға тіркелген жоқ. Алайда апат айтып келмейтіні белгілі. Сондықтан қай кезде де сауыскандай сақ болған жөн. Әсіресе, бассейндерге бақылау жұмыстарын күшейткен абзал. Өйткені көптеген бассейндерде қарапайым қауіпсіздік шаралары сақтала бермейді.

Төтенше жағдайлар қызметінің мамандары бассейнде демалушылардың қарапайым қауіпсіздік қағидаларын сақтауы аса маңызды екенін айтады. Ең алдымен, балаларды бір сәтке де қараусыз қалдыруға болмайды. Көптеген жазатайым оқиға бірнеше минуттың ішінде болатындықтан, ата-ананың қырағылығы — баланың қауіпсіздігінің басты кепілі.

— Бассейнге түсер алдында міндетті түрде душ қабылдап, арнайы жүзу киімін пайдалану қажет. Терендігі белгісіз жерге секіруге, бассейн жиегінде жүгіріп ойнауға, бір-бірін итеруге немесе әзілдеп суға батыруға болмайды. Мұндай әрекеттер ауыр жарақатқа немесе суға кету қаупіне әкелуі мүмкін.

Сондай-ақ алкогольдік ішімдік ішкен немесе өзін жайсыз сезінген адамдардың суға түсуіне болмайды. Егер суда жүрген кезде бас айналу, аяқ-қолдың тартылуы немесе әлсіздік байқалса, бірден судан шығып, бассейн қызметкерлеріне хабарлау қажет. Ал жүрек-қан тамыр аурулары бар азаматтарға дәрігердің кеңесінсіз ұзақ уақыт суда болмаған жөн, — дейді құтқарушы Әлібек Ардақұлы.

— Жыл сайын жазғы демалыс қарсаңында түсіндіру жұмыстары күшейтіледі. Себебі статистикаға сәйкес, жазғы маусымда су айдындарында демалушылардың шамамен 90 пайызын оқушылар мен жасөспірімдер құрайды. Осыған байланысты биыл Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы мен білім бөлімінің ұйымдастыруымен судағы қауіпсіздік тақырыбында интерактивті сабақтар өткізілді. Іс-шара барысында төтенше жағдайлар қызметкерлері мен білім бөлімінің әдіскерлері оқушылар мен педагогтарға қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Кездесуге мектептің 150 оқушысы мен мұғалімдері офлайн қатысса, қала мектептерінен 2450-ге жуық оқушы онлайн форматта қамтылды. Сонымен қатар мектеп жанындағы лагерлер ашылғаннан бері қаладағы 40 мектеп лагерінде судағы қауіпсіздік бойынша түсіндіру сабақтары ұйымдастырылды.

Қауіптің алдын алу мақсатында биылғы 1 мамырдан бастап қаладағы су айдындарында күн сайын рейдтік-профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Су айдындарының 11 участкісіне 25 дана «Суға түсуге тыйым салынады» деген ескерту таяқшалары орнатылған. Сонымен бірге бекітілген кестеге сәйкес, төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері күнделікті рейдке шығып, Желел құтқару жасағы арнайы техникамен тұрақты кезекшілік атқаруда. Бұдан бөлек, қала көшелеріндегі LED экрандарда қауіпсіздік роликтері көрсетіліп, халық көп жиналатын орындарға б ескерту баннері орналастырылған, — дейді Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Данияр Аманжол.

Иә, адам өмірінен қымбат еш нәрсе жоқ. Сондықтан бассейнде болсын немесе табиғат аясында болсын, қай жерде демалсаңыз да қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап, балаларды қараусыз қалдырмай, тек рұқсат етілген орындарды тандаған жөн. Өйткені бірсәттік немқұрайдылық орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін.

міз — күннің ыстықтығы, өрттің өзінен бөлек, ауа температурасы 30 градустан жоғары. Мұның бәрі желмен күшейіп тұр. Оның үстіне, жер бедерін өздеріңіз білесіздер, Қарқаралы ауданында шоқылар да, далалы аймақтар да бар. Осының бәрі қосылып, өртті сөндіруді қиындатып жатыр, —деді Қарағанды облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Елдос Зияда.

Оның алдында ғана Қызылту бөлімшесінен шығысқа қарай 6 шақырым жерде ашық аумақта өрт болған. Қызыл жалын 70 гектар жерді шарпыған. Екінші өрт Бесоба ауылынан батысқа қарай 8 шақырым жерде тіркелді. Ашық алаңай мен тастақты жерлер жанып, өрттің жалпы ауданы 80 гектар болды. Екі өрт аумағы да жедел сөндірілді.

Өртті сөндіруге Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар, Бесоба ауылының еріктілері және «Қамқор» кәсіби өртке қарсы қызметі жұмылдырылды. Оқиға орнында барлығы 100 адам және 24 техника жұмыс істеді. Оның ішінде ТЖМ күштерінен 57 қызметкер мен 10 техника тартылған.

Мұндай дала өрті басқа да аудандағы жерлерде бүрк ете қалауда. Ақсу-Аюлы ауылында қожалығы бар Баян деген азамат Қармыс елді мекені жанындағы шабындығынан шабылған 350 үйіме шөбінің жанып кеткенін айтады.

— Қыста қар қалың түспеді. Тоң да болмады. Сонымен бірге көктемде жауын жаумай, шөп өспей қалды. Әуірімдеп шабындықтағы мардымсыз шалғынды шаптық. Ол да өртеніп кетті. Алдағы қыс бізге сын болғалы тұр, — дейді ол.

Алдағы қыс шынымен де шаруаға сын болмақ. Жаңбыр жаумағаннан кейін жер құрғап, шөп құрап жатыр. Дала өрті тағы да аяқтан шалууда.

23 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Ұлттық өнеріміздің мерейін асырып, еліміздің атын халықаралық деңгейде тағы бір мәрте асқақтатқан қуанышты хабар жетті. Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Еліғай» балалар хоры Гонконг пен Шэньчжэнь қалаларында өткен II Халықаралық хор фестивалінде ең жоғары марапат – Алтын жүлдені иеленді. Әлемнің әр түкпірінен келген өнерпаздар бас қосқан байқауда жас әншілер ұлттық хор мектебінің жоғары деңгейін танытып, еліміздің атын абыроймен асқақтатты.

ЕЛ МЕРЕЙІН АСЫРҒАН

«Еліғай»

Бұл жүлденің артында ұзақ дайындық, үздіксіз жаттығу, әр дыбысты дәл келтіруге бағытталған талап пен үлкен еңбек тұр. Фестивальға әлемнің оннан астам елінен келген хор ұжымдары мен музыка мамандары қатысты. Бір сахнада түрлі мәдениет пен әртүрлі орындаушылық мектептің өкілдері бас қосты. Сондықтан бұл байқауда жеңіске жету жас өнерпаздар үшін үлкен сын болғаны анық. «Еліғай» хоры сахнаға шыққан сәттен-ақ жинақылығымен, дауыс үндестігімен және шығармаларды жүрекке жеткізе орындауымен ерекшеленген.

Біздің өнерпаздар «Хор ұжымы» аталымында өзге қарсыластарынан оқшау озып шығып, ең жоғары ұпай жинады. Хордың бұл биіктен көрінуіне ұжымның көркемдік жетекшісі әрі дирижері Әсем Есенованың сіңірген еңбегі орасан. Дирижердің айтуынша, фестивальға дайындық үш ай бұрын басталған. Өйткені байқауға түрлі орындаушылық мектептің өкілдері, тәжірибелі әрі кәсіби хор ұжымдары қатысатыны алдын ала белгілі болған. Сондықтан ел намысын қорғауға аттанған өнерпаздар алдына жоғары деңгейде өнер көрсету міндетін қойған.

— Біз бұл сапарға үлкен жауапкершілікпен дайындалдық. Өнер университеті сенім артып, бізді халықаралық байқауға жіберіп отыр. Сондықтан елге жеңіспен оралсақ деген мақсат болды. Алтын жүлдеден үміттендік, бірақ дәл бас жүлдені иеленеміз деп кесіп айта алмадық. Жеңісіміз жарияланып, көк Туымыз көтерілген кезде балалардың көзіне жас келді. Сол сәтте бәріміз сахнада ерекше мақтаныш сезіміне бөлендік, — деді Әсем Есенова.

Фестиваль бес күнге созылған. Осы уақыт ішінде қатысушылар концерттік бағдарламаларды тамашалап, шеберлік сабақтарына қатысып, түрлі елден келген өнерпаздармен тәжірибе алмасқан. «Еліғай» хоры үш рет сахнаға шығып, концерттік бағдарлама мен байқау кезеңінде өнер көрсетті. Әсем Есенованың сөзінше, Қытайдағы хор өнерінің даму деңгейі мен қатысушылардың дайындығы ерекше әсер қалдырған. Әр ұжым өз елінің орындаушылық дәстүрін, музыкалық мәдениеті мен сахналық мүмкіндігін көрсетуге тырысыпты. Осындай жоғары бәсекеде қазақстандық хордың жеңіске жетуі еліміздің музыка өнері үшін де маңызды жетістік болды.

Байқау репертуарын тандау кезінде «Еліғай» хоры ұлттық шығармаларға басымдық берген. Ұжым қазақ халық әндерін, күй негізінде жазылған хор туындыларын орындау арқылы Қазақстанның төл музыкасын шетелдік тыңдарманға таныстыруды мақсат еткен. Фестиваль сахнасында «Қараторғай» халық әні, Дәулеткерейдің «Қосалқа» күйінің хорға лайықталған нұсқасы, «Бүлдірген» әні және Әсем Есенованың өзі хорға арнап өңдеген «Дала сазы» шығармасы орындалды. Со-



Байқау репертуарын тандау кезінде «Еліғай» хоры ұлттық шығармаларға басымдық берген. Ұжым қазақ халық әндерін, күй негізінде жазылған хор туындыларын орындау арқылы Қазақстанның төл музыкасын шетелдік тыңдарманға таныстыруды мақсат еткен.

нымен қатар бағдарламаға әлемдік классикалық музыка туындылары да енгізілген. Хор репертуары кең болғанымен, ұжым алдағы уақытта да қазақ халық әндерінің үлесін көбейтуді көздейді. Себебі шетелдік тыңдарманға бұрын естімеген әуен, ұлттық музыканың өзгеше ырғағы мен бояуы ерекше қызығушылық тудырады.

— Өзіміздің ұлттық шығармаларымызды бізден артық ешкім сезініп, бізден артық жеткізе алмайды. Сондықтан байқауда қазақ музыкасының бояуын, мінезін және тереңдігін көрсетуге тырыстық. Осы бір шығармашылық стратегиямыз дұрыс болған сияқты. Біз орыс және Батыс Еуропа классиктерінің шығармаларын да орындаймыз. Алайда шетел сахнасында, ең алдымен, өзіміздің ұлттық музыкамызды таныстыру маңызды. Қазақ әндері мен күйлерінің үнінде халқымыздың тарихы, табиғаты мен болмысы бар. Фестивальда «Қараторғай» әні мен Бах пен Гуноның «Аве Мария» сынды классикалық туындыларын

орындадық. Сонымен қатар «Дала сазы» атты төл шығармама негізделіп хорға өңделген «Бүлдірген» әні мен Дәулеткерейдің «Қосалқа» күйінің хорға арналған нұсқасын шырқалдық, — дейді дирижер.

Жеңіске жетер жол қиындықсыз болмаған. Дымқыл ауаның әсерінен кобыз бен дабыл секілді ұлттық аспаптардың дыбысын тұрақты ұстап отыру үшін музыканттар аспаптарды сахнаға шығар алдында бірнеше рет кептіріп отырған. Әсем Есенованың айтуынша, байқауда орындаушылардың ән айту шеберлігімен қатар сахналық қозғалысы мен шығарманы көрерменге ұсыну тәсілі де бағаланған. Сондықтан дайындық барысында балалар тек бірге ән айтуды ғана емес, сахнада би элементтерін орындауды да меңгерген.

— Біз сахналық қойылым аталымына қатыстық. Онда бір орында тұрып ән айту жеткіліксіз болды. Балалар ән айтып қана қоймай, шығарманың мазмұнына сай қозғалып, біртұтас көрініс ұсынуы керек еді. Қазылар сахнадағы әрбір қимылға, дауысқа және ұжымдық үйлесімге баға берді. Сондықтан бұл жеңістің артында балалардың өте үлкен еңбегі тұр, — деді көркемдік жетекші.

«Еліғай» балалар хорында жалпы саны 35 бала өнер көрсетеді. Алайда Қытайға жолдың алыстығы мен сапар шығынына байланысты фестивальға хордың барлық мүшесі бара алмаған. Сөйтіп тоғыз бала іріктеліп, олардың қатарына төрт кәсіби музыкант қосылған. Көркемдік жетекшіні қоса есептегенде, халықаралық сапарға барлығы 14 адам аттанды. Хор құрамын күшейту үшін екі студент пен екі тәжірибелі музыкант шақырылған. Олардың қатарында солист Ақбөпе Әділхан мен кобызшы Әсел Ахметова бар. Ұйымдастырушылар «Еліғай» хорын фестивальға арнайы шақырған. Фестиваль директоры, профессор Ван Чоу қазақстандық ұжымның өнерін бұған дейін сырттай бақылап, шығармашылық мүмкіндігімен таныс болған. Осы фестивальға бірнеше мәрте қатысқан отандық дирижердің бірі Гүлмира Құттыбадамова «Еліғай» хоры туралы ұйымдастырушыларға айтып, ұжымды байқауға шақыруға ықпал еткен.

Фестиваль жас орындаушылар үшін тек жарыс емес, үлкен тәжірибе мектебіне айналды. Олар өзге елдердің хорларын тындап, түрлі музыкалық мектептермен танысып, сахнадағы қобалжуды жеңуді үйренді. Хор мүшесі Луара Абуталипова сапардың ерекше көңіл күйде өткенін айтты.

— Жарыс өте қызықты әрі көңілді болды. Барлық хор ұжымдары бір-бірін қолдап, демеу көрсетіп отырды. Қытайға сапар біз үшін жана тәжірибе десек болады. Алғашында қатты қобалжыдық, бірақ алғашқы бізге сенім беріп, қорқынышты жеңуге көмектесті. Алдағы уақытта Еуропада өтетін халықаралық фестивалдарға да қатысқымыз келеді, — дейді жас өнерпаз.

Өнерпаздардың шеберлігіне Аустралия, Италия, Германия, Беларусь, Қытай, Таиланд, Қазақстан және басқа да елдерден келген белгілі дирижерлер, композиторлар мен музыкалық педагогтардан құралған халықаралық қазылар алқасы баға берді. Қазылар орындаушылардың дауыс тазалығына, сахна мәдениетіне, шығарманы жеткізу мәнеріне және хор мүшелерінің өзара үндестігіне ерекше назар аударған. Осындай таласты жоғары өнер долдасында қазақстандық балалардың үздік атануы — отандық музыка мектебінің ортақ табысы. Өйткені хор өнері жеке орындаушылық қабілетпен шектелмейді. Шетел сахнасында шырқалған әрбір ән Қазақстанның мәдениеті мен өнерін танытты. «Еліғай» балалар хорының алтын жүлдесі — ел өнерінің болашағы бар екенін көрсеткен қуанышты жаңалық. Бүгін халықаралық сахнада ән салған бұл балалардың арасынан ертен кәсіби әншілер, дирижерлер мен музыка мамандары шығуы мүмкін. Ал олардың осы жолдағы үлкен жеңістерінің бірі Гонконг пен Шэньчжэнь қалаларындағы фестивальдан басталып отыр.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Адалдық, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілік – елдің болашағын айқанар дайтын негізгі құндылықтар. Аталған тақырып аясында Батыс Қазақстан облысы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен «Адал адам: қазақстандық патриотизм, еңбекқорлық және азаматтық жауапкершілік» тақырыбында дөңгелек үстел жиыны өтті.



Іс-шараға Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Гүлжанар Шөкеева, облыстық Өңірлік коммуникациялар қызметі басшысының орынбасары Ырысбек Тыныштыбаев, білім басқармасы мен қорғаныс істері жөніндегі департамент өкілдері қатысты. Сондай-ақ жиынға Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің БҚО бойынша өкілі, Орал қалалық прокуратурасының қызметкерлері, Ұлттық ұланның «Батыс» өңірлік қолбасшылығының сарбаздары, Дін істері басқармасы мен Жастар ресурстық орталығының мамандары, Қоғамдық кеңес мүшелері, ардагерлер ұйымдары, қоғам белсенділері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жиналды.

Дөңгелек үстел барысында қоғамдағы адалдық, азаматтық жауапкершілік пен отансүйгіштік құндылықтарын нығайту, оларды өскелең ұрпақтың бойына сіңіру жолдары жан-жақты талқыланды. Қатысушылар жастардың елге қызмет етуге деген ынтыасын арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және саналы, жауапты азамат қалыптастыру жөніндегі ой-пікірлерін ортаға салды. Жиында сөз алғандар ел тарихын білу, Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімі әр азаматтың бойында бала кезден қалыптасуы қажет екенін атап өтті.

«Германиядағы кеңес әскері тобы ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің БҚО филиалының төрағасы Ұзақбай Жақсылықов ел тыныштығы мен шекара қауіпсіздігін сақтау әр азаматтың ортақ міндеті екенін айтты.

— Еліміздің шекарасы берік, жұртымыз тыныш болуы керек. Бүгінгі бай-қуатты мемлекетті келер ұрпаққа аманаттау — баршамыздың міндетіміз. Ел қорғайтын жастардың бойында Отанға, туған жерге деген құрмет пен сүйіспеншілік болуы қажет. Олар алған білімі мен тәжірибесін ел игілігіне жұмсап, Қазақстанды әлемге үлгі ете білуге тиіс, — деді ол.

Кездесуде шынайы патриотизм туған елдің тарихын құрметтеуден, зан талаптарын сақтаудан, адал еңбек етуден және қоғам игілігі үшін қызмет етуден басталатыны айтылды. Қазіргі кезде білім беру ұйымдарында оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және тарихи санасын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Орал қалалық білім беру бөлімінің әдіскері Бауыржан Насыров мектептерде оқушыларды әскери-патриоттық бағытта тәрбиелейтін клубтар жұмыс істейтінін жеткізді.

— Қазір әр мектепте «Жас сарбаз» клубы бар. Сонымен қатар полиция департаментімен бірлесіп құрылған «Жас сақшы» клубтары жұмыс істейді. Әскери-патриоттық бағыттағы мұндай ұйымдардың негізгі мақсаты — балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың бойында жауапкершілік пен тәртіпті қалыптастыру, — деді ол.

БҚО қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Гүлжанар Шөкеева «Адал азамат» қағидаты қоғам мүшелерінің мінез-құлқы мен іс-әрекетінің озық үлгісін қалыптастыруды көздейтінін атап өтті.

— Адал азамат — Отанын құрметтейтін, білімді, білікті, жауапкершілігі мол, азаматтық өмір салтын ұстанатын және адал еңбегімен табысқа жететін тұлға. Қазіргі қоғамның келбеті — мемлекетіміздің болашағы. Сондықтан осындай мазмұнды кездесулер мен пікір алмасу алаңдары жиі ұйымдастырылуы керек, — деді Гүлжанар Шөкеева.

Дөңгелек үстел еркін пікір алмасу форматында өтіп, қатысушылар қазіргі қоғамдағы патриоттық сананы қалыптастырудың өзекті мәселелері мен оны жетілдіру тетіктерін талқылады. Іс-шара қорытындысында қоғамдағы бірлік пен азаматтық жауапкершілікті нығайту, жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесін күшейту және «Адал азамат» қағидатын кеңінен насихаттауға бағытталған бірқатар ұсыныс айтылды.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаза АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынбай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербейіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСИНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейіткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-81-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4766

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,